

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 917 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері мен ұйымдар (келісу бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

2) жарты жылда бір рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жылына екі рет, 25 шілдеге және 25 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2020 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 917 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар)

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
-------	------------------	----------------	----------------------	-----------------	-------------------------------	----------------------

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
I. Азаматтық қоғамды дамытуды құқықтық реттеу құралдарын жетілдіру						
1.	"Қоғамдық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2021 жылғы маусым	талап етілмейді	
2.	Заңнамаға қоғамдық кеңестер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
3.	Заңнамаға ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	
	Азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға					

4.	бастама жасауы үшін бірыңғай заңды онлайн-петиция институтын құру мақсатында нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2021 жылғы маусым	талап етілмейді
5.	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық және волонтерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2022 жыл	талап етілмейді
6.	"Қазақстан Республикасының заңнамасына коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2023 жыл	талап етілмейді
7.	ҮЕҰ-ға арналған гранттар беру	бұйрық	АҚДМ	2021 жыл	

	қағидаларына өзгерістер енгізу				талап етілмейді	
8.	ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақылар беру қағидаларына өзгерістер енгізу	бұйрық	АҚДМ	2021 жыл	талап етілмейді	
II. Азаматтық белсенділікті қолдау және дамыту						
9.	Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына волонтерлік қызметтің қосқан үлесін бағалау әдістемесін әзірлеу	ұсынымдар	АҚДМ	2022 жыл	талап етілмейді	
10.	Салалық волонтерлікті дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру	АҚДМ-ға ақпарат	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 69 580 2022 жыл – 21 175 2023 жыл – 21 175	РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету"
11.	"Жыл волонтері" халықаралық сыйлығын өткізу	сыйлық номинанттарының тізімі	АҚДМ, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	
12.	"Жомарт жүрек" сыйлығы шеңберінде қайырымдылық жасаушыларға, меценаттарға, волонтерлерге құрмет көрсету	сыйлық номинанттарының тізімі	АҚДМ, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	

13.	ҮЕҰ арналған өңірлік ресурстық орталықтардың қызметін ұйымдастыру	АҚДМ-ға ақпарат	облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
14.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы қайырымдылықты дамыту мәселелері жөніндегі кеңестің отырысында қайырымдылық саласының өзекті мәселелерін қарау және талқылау	Кеңес хаттамасы	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	
15.	Азаматтардың шешім қабылдауға қатысуына бағытталған әлеуметтік жобаны іске асыру	қорытынды есептер	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 9 079 2022 жыл – 9 079 2023 жыл – 9 079	РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету"
16.	"Асар" үшжақты әріптестік платформасын дамыту (мемлекет, бизнес, ҮЕҰ)	форум ұсынымдары	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 8 392 2022 жыл – 8 392 2023 жыл – 8 392	РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету"
17.	Азаматтық қоғамның әлеуетін арттыру мәселелері бойынша		ҒЖБМ, АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана,			

	ЖОО-лардың ҮЕҰ-мен өз ара іс-қимыл тетіктерін дамыту	АҚДМ-ға ақпарат	Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісу бойынша)	2021 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
III. Азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының шешімдер қабылдау процесіне және мемлекеттік істерді басқаруға қатысу деңгейін арттыру						
18.	Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту және азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастама жасауы үшін бірыңғай онлайн-петиц ия институтын құру тетіктерін әзірлеу	бұйрық, АҚДМ-ға ақпарат	АҚДМ	2022 жыл	талап етілмейді	
19.	Нормативтік- құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу	АҚДМ-ға ақпарат	СЖҚА, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 2 954 2022 жыл – 4 149 2023 жыл – 4 149	РБ 015 "Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу"
20.	Қазақстан Республикасы ндағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы кешенді баяндама дайындау	баяндама	АҚДМ	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 7 307 2022 жыл – 7 307 2023 жыл – 7 307	РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өз ара қарым-қатына сын нығайтуды қамтамасыз ету"
						РБ 004

21.	ҮЕҰ , сарапшылар қауымдастығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ға қатысуын кеңейту	ұсынымдар	АҚДМ, СЖҚА, мүдделі органдар	2021 жыл	2021 жыл – 4026	"Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатына сының нығайтуды қамтамасыз ету"
22.	Уәкілетті орган жанындағы ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастыру	отырыс хаттамасы	АҚДМ	жартыжылды қ бойынша, 2020 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
23.	ҮЕҰ өзара іс-қимыл жөніндегі өңірлік кеңестердің қызметін жандандыру	ұсынымдар	облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	
24.	ҮЕҰ-мен бірлесіп, өңірлерде жергілікті өзін-өзі басқаруды іске асыру қағидаттарын, тетіктерін түсіндіру бойынша ақпараттық науқандар өткізу	АҚДМ-ға ақпарат	облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	
	Ластауыштар дың шығарындыла ры мен тасымалдары ның мемлекеттік тіркелімін интернет-ресу рста				2021 жыл – 9 402	РБ 037

25.	орналастыру арқылы халықтың қоршаған ортаға эмиссиялар туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету	тіркелім	ЭГТРМ	2021 – 2022 жылдар ішінде	2022 жыл – 9447	"Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және жақсарту"
26.	Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындау	ұлттық баяндама	ЭГТРМ	2021 – 2022 жылдар ішінде	2021 жыл – 18095 2022 жыл – 18223	РБ 037 "Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және жақсарту"
27.	"Экологиялық ақпарат беру" мемлекеттік қызметін көрсету	мемлекеттік көрсетілетін қызмет	ЭГТРМ	2021 – 2022 жылдар ішінде	2021 жыл – 3282 2022 жыл – 3273	РБ 037 "Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және жақсарту"
28.	Жергілікті қоғамдастықтың мүдделері мен қажеттіліктерінің бағалау негізінде ауылдық/қалалық аумақтарды инклюзивті жоспарлау тәсілдерін енгізу	ұсынымдар	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2021 – 2022 жылдар ішінде	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
IV. Азаматтық қоғам институттарының әлеуетін нығайту						
					2021 жыл – 15483	РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен

29.	"ҮЕҰ академиясы" жобасын іске асыру	ұсынымдар, қорытынды есептер	АҚДМ	2021 – 2023 жылдар ішінде	2022 жыл – 15 483 2023 жыл – 15 483	мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету"
30.	Қазақстанның Азаматтық форумын ұйымдастыру және өткізу	ұсынымдар	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2022 жыл	2022 жыл – 43 476	РБ 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету"
31.	Өңірлік Азаматтық форумдарды ұйымдастыру және өткізу	ұсынымдар	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2022 жыл	көзделген қаражат шегінде	ЖБ
32.	Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ҮЕҰ-мен, Орхус орталықтары мен, мемлекеттік органдармен, табиғат пайдаланушылармен кеңес	кеңес	ЭТРМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2021 – 2023 жылдар ішінде	2021 жыл – 390 2022 жыл – 390 2023 жыл – 390	РБ 037 " Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және жақсарту"
V. Қазақстандағы БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын имплементациялауға азаматтық қоғамды тарту						
33.	Азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуымен ОДМ-ді іске асырудың қоғамдық мониторингін ұйымдастыру	АҚДМ-ға ақпарат	АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2021 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

ЖОО – жоғары оқу орны

ОДМ – орнықты даму мақсаттары

СЖҚА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ